

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/DQZA3029>

***А. Н. Кущанова¹, А. С. Кушкимбаева²**

^{1,2}Қ. Жұбанов атындағы

Ақтөбе өңірлік университеті,

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1730-2032>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5546-4513>

*e-mail: ainur.kuchshanova@mail.ru

М. ӘУЕЗОВТІҢ «ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ» ПОВЕСІНЕ ЛИНГВОМӘДЕНИ ТАЛДАУ

Зерттеу мақалада М. Әуезовтің «Қарашқараш оқиғасы» повесіне лингвомәдени талдау жасалды. Мақалада лингвомәдениеттанудың негізгі зерттеу нысаны саналатын лингвомәдени бірліктер қарастырылып, шығармадағы басты қызметі анықталды. Тілдік концептілерді құруда лингвомәдени бірліктердің маңыздылығы қарастырылды. Тіл білімінде қалыптасқан антропологиялық бағыттың ұлттың мәдени кодын танытатын лингвомәдени бірліктер негізінде байлық пен кедейлік концептісі зерттелді. Шығарма негізінде байлық және кедейлік концептісінің ассоциациялық өрісі құрылып, байлық пен кедейлік концептісін зерделеуде лингвомәдени бірліктердің тізбегі құрылды. Шығарма нарративті әдіс негізінде талданып, лингвомәдениеттану бойынша И. Айбарша, Б. Оспанова, В. Маслова пікірлері негізге алынды. Ж. Молдабеков пен Ж. Қошанова зерттеулері аясында қазақ қоғамындағы «байлық» жөніндегі түсініктің тарихи мәні ерекшеленді. Зерттеуде «байлық» концептісі мен «кедейлік» концептісі бинарлық оппозиция негізінде қарастырылып, позитивті және негативті жіктелісі жіктеліп қарастырылды. Қазақ қоғамындағы байлық, кедейлік жайындағы әлеуметтік, тарихи, прагматикалық түсініктер талданды. Авторлық позиция негізінде кейіпкерлер жүйесіндегі қайшылықтардың байлық пен кедейлік концептілерін нақтылаудағы негізгі қызметі айғақталды. Зерттеу мақалада К. Елубаева, К. Адайбекова, К. Абишева зерттеулері арқылы М. Әуезов шығармашылығындағы концептінің қолданылуы, маңыздылығы дәлелденіп, лингвомәдени бірліктердің негізгі қолданыс аясы айқындалған.

Кілтті сөздер: лингвомәдени бірліктер, байлық концептісі, кедейлік концептісі, бинарлық оппозиция, концепт, авторлық позиция.

Кіріспе

М. Әуезовтің «Қарашқараш оқиғасы» повесі бай мен кедей қарсылығын көрсетіп қана қоймай, диалектикалық қатынастың, бинарлық оппозициясы арқылы қарастырылды. Байлық пен кедейлік концептісі терең құрылымда заманның өзгеруімен жаңа деңгейде зерттеле бастады. Сәт, Сәлмен, Жарасбай болыстар қазақ жеріндегі орын алған рухани өзгерістердің бейнесін беріп, кедей мен бай арасындағы контрастты бейнелейді. Шығарма негізінде Бақтығұл мен Тектіғұлдың тағдыры бейнеленіп, XX ғасыр басындағы орын алған оқиғалардың лингвомәдени мәнін айқындайды. Туындыда қолданылған барымта, құныкер, шабарман, молда, болыс, кедей, жарлы, атқамінер сынды лингвомәдени бірліктер бай мен кедей қарсылығын күшейте түскен. Осы негізден шығармадағы лингвомәдени бірліктер арқылы байлық пен кедейлік концептісінің бинарлық оппозициясы анықталды.

Материалдар және әдістері

Лингвомәдени бірліктер – тіл біліміндегі антропологиялық бағыт негізінде қалыптасқан лингвомәдениеттану саласының негізгі нысаны. Лингвомәдени бірліктердің «ұлттың мәдени коды» ретінде ұлттық ерекшеліктерді бейнелеуде маңызы жоғары. Халықтың өмірі, тұрмысы, мәдениеті, тарихы, дәстүрі көркем шығармада лингвомәдени бірліктер ретінде көрініс табады. Лингвомәдениеттану саласы бойынша В. Гумбольд, Б. Уорд, В. Телия, Д. Зеленин, В. Маслова, Н. Артюнова, Р. Сыздықова, Ә. Қайдар, Г. Смағұлова, И. Айбарша сынды зерттеушілердің еңбектерінде ұлттық құндылықтар кеңінен қарастырылды. Лингвомәдениеттану саласы бойынша И. Айбарша зерттеуінде лингвомәдениеттануда концептінің де анықталатынын айтқан болатын [1, 23]. Осы негізден лингвомәдени бірліктер зерттеу жұмысымызда «байлық» және «кедейлік» концептілерінің терең құрылымын, «Қарашқараш оқиғасы» повесіндегі бай мен кедей контрастын күшейте түсетіні дәлелденді. Байлық пен кедейлік концептісін лингвомәдени бірліктер арқылы айғақтауда ассоциациялық талдау жасалып, байлық пен кедейлік концептілері шығарма негізінде талданды. Сонымен бірге шығармадағы лингвомәдени бірліктерді нақтылау және қолданылу мақсатын айқындауда нарративті талдау әдісі қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Шығарманы нарративті талдасақ, лингвомәдени бірліктер тізбегі бай мен кедейлік оппозициясын тереңдете түседі. Туынды Бүрген болысына қарайтын Қозыбақ ауылының Сәлмен мен Сәт деген байларына қызмет ететін, оның ішінде барымташы Бақтығұл мен бала күнінен байдың қозысын

баққан Тектігүлдың оқиғасынан басталады. Сәлмен мен Сәттің озбырлығы батып, бай мен кедей оппозициясын күшейте түседі. Байдың қатты мінезінен жапа шеккен Тектігүлдың қазасы Бақтыгүлдың ішкі қарсылығын тудырып, өзіндік көзқарасының қалыптасуына әсер етті. Қозыбақ ауылының байлары Сәт пен Сәлмен шығармада былай сипатталған: «Бастары көп, өз ортасында нығыз, суық. Маңайына өздері тізесін батырып, өздері зорлық қылмаса, бұларға бұл өңірдің ешбір қазағы өз бетімен соқтыға алмайтын» [2, 17], – делінеді. Сонымен бірге Бақтыгүл мен Тектігүлдың жалғыз ауыл, кірме екені айтылып, байдың көптігіне қарсы сипатталады. Шығарманың I нұсқасында өтпес жарлықтың бойға қорлық екені, Бақтыгүлды есіркейтін ағайыны жоқтығы, өзі аз, өзі кедей болса, сөзінің пұлға да татымайтыны айтылады. II нұсқада Бақтыгүл мен Тектігүлдың атаанасы ерте дүниеден өтіп, шеттей жас балалар Сәт пен Сәлмен байды жағалап келген болатын. «Жалғыздың үні шықпас» деген халқымыздың сөзі де қайшылықты сипаттай түседі. Шығармадағы негізгі қарсылық жалғыз бен көптік қана емес, байлық пен кедейлік бинарлық оппозициясында да көрінеді. Шығармада аталатын Сәт пен Сәлмен, Жарасбай әрі болыс, әрі бай, айналасына әмірін толықтай жүргізе алатын беделдері бар екені суреттеліп, зорлықты тізесін батырып жасайтын болмыстары көрінеді. Әрі Тектігүлдың қазасының себепкері де байдың қол астында шаруа да болуы анықталады. Шығармада: «Кескен теректей құлатты ғой мені. Қу жоқшылық бір құлатты. Аямас дұшпан соққы жазасы әпкетті міне – бар дәрменімді... Нем қалды?.. Тектігүл ініңнің орнында кім қалды сенің?» [2, 90], – деп Бақтыгүл үшін Тектігүлдың қазасы кедейліктің, шарасыздықтың, жоқшылықтың нақты дәлел еді. Сәт пен Сәлменге кектенген Бақтыгүлдың тапқан амалы екі байдан күштірек Жарасбай болысқа бару, шаруасына жарау еді. Жарасбай болыс сипаттамасы былай бейнеленген: «Болыстықпен, әмірмен ғана бедел тапқан кісі емес. Әрі бай еді де, әрі ерте күннен «жақсы кісі» деп ел ортасына атағы шыққан, ер, мықты» [2, 32], – деп бай болмысын бейнелейді. Тектігүлдың қазасынан соң Бақтыгүл болашағын ойлап, Қозыбақтан аулаққа кетіп, Шалқар болысына, Жарасбайға келеді. Жарасбай болыс Бақтыгүлды қуана қарсы алып, ауыл тіршілігіне жұмсай бастайды. Істің райын үйренген Бақтыгүл Жарасбайдың сенімді адамына айналды. Сондай бір күннің ретінде Жарасбай бай болыстыққа таласта Сәт пен Сәлменмен бақталас болып, біраз қуғын көреді. Байлардың негізгі талас барымта емес, билік үшін болды. Екі бай арасындағы егеске араласқысы келмеген Бақтыгүлдың қарсылығына қарамастан, Жарасбай болыс араластырып, өз басыңның кегін қайтаратынына сендірді. Бұл істің Жарасбай болыстың істегені деп қабылданатынын айтып сендірген болатын. Дегенмен болыстың да өз ішкі есебі бар еді. Бұл істі ұрлықтан арылдым, қойдым, дұрыс болам деген Бақтыгүлға жасатып, кейін істің райы

өзгергенде тайып шыға келуіне ыңғайлы еді. Бұл ретте Жарасбай Бақтығұлға Сэт пен Сэлменнен артық барымтаның қажеті жоқтығын ескертпегендіктен іс насырға шапты. Ақырында бұл істің басынан бастап кінәлісі Бақтығұлдың өзі атанды. Бұндай қысастыққа шыдамаған ол тіптен ойына алмаған істі жасауды ойлайды. «Бүгінгі істемек істің ниеті Бақтығұлдың бұрыннан ойлаған нәрсесі емес еді. Жуандардың істеген арамдығы, қорлықзорлығы шектен асты. Ауыр тиді. Пәлеге, жаманшылыққа өздері сүңгітіп жіберіп, аяғында сол жолда мұны құрбан қылып, өздері жақсы атты, таза кісі болып қалды. Ол бола берсін. Талай Бақтығұл сияқты жалғызжарым кедейкепшіктің көріп жүрген қорлығы» [2, 156]. Бұл бай мен кедей арасындағы қарсылық қана емес, баршылық пен жоқшылықтың, озбырлық пен шарасыздықтың диалектикасының көрінісі. Шығармадағы бай мен кедей контрасты бай мен ауыл тағыдай тауда жортып жүрген Бақтығұлдың тұрмысынан, тіршілігінен көрінеді. Жоқшылықтың, азшылықтың азабын тартып, ақырында түрмеге отырған Бақтығұлдың ендігі сенімі баласы Сейілде.

Осы орайда қазақ байының қандай болғанын, заман өзгерістерін қарастырып өтсек. «Оның үстіне патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты елдің еңсесін басты, ел билеудің жүйесіне өзгеріс енгізіп, халықтық салтдәстүрдің жолын кесті. Отаршылдық саясаты қазақ жерінің бар байлығын еркін пайдалануына себепші болды. Халқымыз: «Өкімет ісі – уәжіп» деп отаршылдарға, ханы мен биіне қалтқысыз бағынды. Болыс, билер болса, отаршылдық кезінде «жығылған үстіне жұдырық» іспетті өктемдігін жүргізіп бақты» [3, 131], – деп тар заманда залымдар құтылып, момындардың тұтылғанын, үстемдік саясаттың негізінде рухани күйзелістің тереңдегенін айтады. Сонымен бірге билік пен байлыққа деген ұмтылыстың өзгеруін, билік арқылы баюды, беделін арттыруды көздеген болыс пен атқа мінерлердің қандай да қулықтан, сұмдықтан тайынбады. «Билікті жеткізерлік немесе билікті сақтайтын кез келген тәсілді қолданудан тайынбады» [3, 131], – деп Ж.Молдабеков қазақ жеріндегі болыстар мен билердің болмысын анық бейнеледі. Солай зерттеуші тұрмыстағы өзгерістер қоғамдағы тәрбиені бәсеңдетіп, абзал жанның көңіліне дақ салғанын, дәстүрге, ділге сай емес әрекеттердің орын алғанын, ұлттық намыстан айырылып, ұлт болашағын ойламайтын халге жеткенін айтады. Басты себеп ретінде қарашы ханның көбеюі, мансап қуған би екенін анық көрсетеді.

Сонымен бірге зерттеуші Ж.Қошанова халық арасында байлық пен кедейлік жайлы ұғымның өзгеруін патшалық отарлаудың салдарынан болғанын негіздей түседі. Билер мен болыстардың билік үшін бірбірімен жау болып, бірбірін аңдып, таласқанын айтады [4, 29].

Лингвомәдени бірліктердің негізгі функциялары тілдік концептілерді құруы, мәдени мағыналарды тыңдаушы мен сөйлеушінің түсінуі, тіл

иесінің мәдени әрі тілдік біліктілігі екенін Б.Оспанова зерттеулерінде келтіреді [5, 13].

Лингвомәдени бірліктерді А. Әмірбекова мынадай элементтер арқылы анықтайды:

- Әлемнің тілдік бейнесін құрайтын концептілер;
- Этномәдени белгілер;
- Ұлтқа қатысты фразеологизмдер сынды ұлттық бірліктерден тұратынын көреміз [6, 38].

Өз кезегінде В.Маслова лингвомәдени бірліктерді үш сипаты бойынша ажыратады: ұлттық болмыс сипаты, аксиологиялық сипат, тілдік әрекет ету [7, 44].

К. Абайбеков мен К. Абишева зерттеулерінде «тыйым» концептісі М.Әуезов шығармаларының негізінде халықтың менталды образының жиынтығы екенін айтады. Сонымен бірге тыйым концептісі арқылы қоғамдық мәдени, халықтық, мәдени білім арқылы анықталатынын айтып, тыйым жайлы халықтың білімі ұрпақтан ұрпаққа жеткен ұжымның талабы екенін анықтайды [8, 34].

К. Елубаева «Қаралы сұлу» шығармасындағы экзистенциализм мотивін анықтап, қаламгердің шығармашылығын эстетикалық құрылымда қарастырады. Сонымен қатар шығармадағы «қара» сөзі негізінде қара жел, қаралы, қайғылы, қаралы жылан, қаралы үй сынды лингвомәдени бірліктер арқылы шығармадағы экзистенциалдық мотив қарастырылған [9, 53].

Туындыда шабарман, атарман, бейіл, молда, барымта, даугер, атқамінер, құныкер деген лингвомәдени бірліктер кездеседі. Лингвомәдени бірліктер арқылы байлық пен кедейлік концептісінің ассоциациялық өрісі қалыптасады. Байлық концептісі *атқамінер, даугер, болыс, жуан, шабарман* лингвомәдени бірліктер арқылы анықталады. Кедейлік концептісі *құныкер, барымта, зорлық, ашылық* арқылы сипатталады. Байлық және кедейлік концептісінің қоғамдық, мәдени, тарихи, прагматикалық құрылымдар арқылы анықталады. Қоғамдық тұрғыдан бай мен кедей қоғамның негізі, бұрынғы қазақ қоғамында бір ауыл тұтастай бір байдың атымен аталып, бай дарқандығымен, даналығымен көзге түсетін. Мәдени тұрғыдан байлық кедейліктің, қазақ өнерінің қалыптасуымен, дамуымен, батырлары мен зиялыларын қолдаушы, жаңа өзгерістерді әкелуші ретінде көрінеді. Тарихи тұрғыдан байлық концептісінің өзгеруі патшалық Ресейдің отарлау саясаты негізінде жүзеге асты. Қазақ жерінде алауыздық тұтату мақсатында байлар, төрелер тұқымына артықшылық беріліп, олар өзара билікке таласты. Бұрындағы түсінікте билік болуы үшін даналығымен, әділдігімен танылу керек болса, кейінгі уақытта байлығымен қол жеткізуге болатын еді. Осылайша, байлық жайындағы көзқарастың өзгеруінен прагматикалық тұрғыдан *озбыр, қатыгез, тізесін*

батыру, жуан, даугер сипатында анықталады. Шығармада да байдың болмысы қатыгездік, озбырлық, жуандық сипатында танылып, қазақ жерінде орын алған өзгерістердің билік үшін таласпен сипатталғанын көреміз.

Шығармада анықталатын барымта лингвомәдени бірлігі қазақ жерінде көшпелі салт ұстанған халықтың күнделікті өмірінде орын алатын жағдай. Сойыл, шоқпармен қаруланған жігіттер келесі бір ауылдың жылқыларын айдап кететін. Әдетте барымтаның белгілі бір себептері бар, бірде жайылым үшін орын алса, енді бірде «жесірі» үшін орын алып жатады. Дегенмен шығармада барымта билік үшін таластағы қуатты әрі стратегиялық әдіс ретінде көрінеді. Барымта арқылы Жарасбай Сәт пен Сәлменге өзінің күшін, қуатын, мықтылығын, жуандығын көрсетсе, екі оттың ортасында қалған Бақтығұл екі мықтының ортасындағы Жарасбайдың итере салатын ойыншығы болды. Соңғы мезетте Жарасбайдың Бақтығұлды пайдаланып алып, итере салуы бай мен кедей арасын ушықтырып, Бақтығұлдың соңғы әрекетіне әкеледі.

Туындының үміт берер сәті Сейіттің оқу үйреніп, келешекке деген сенімі шерменде болған көңіліне медеу болды. Оқудың, ғылымның заманы келе жатқанын, халық арасындағы билік үшін таластың оқу мен ғылым арқылы тоқтайтынын Сейіт арқылы жеткізілуі автордың өзіндік ұстанған позициясы. Әлеуметтік, мәдени реңкі басым молда лингвомәдени бірлігі діни ұғым ғана емес, халық танымында оқумен, біліммен тығыз байланысты. Молдадан білім алған адамның дүниетанымы кең болатыны, діни біліммен қатар, әлем жайында түсінігін қалыптастыратындықтан байлар ауылында молда ұстап, ауыл балаларының сауатын ашқан болатын. Дегенмен отаршылдық саясаттың кесірінен татар молдаларынан шала оқыған қазақ молдалары балалардың тек діни сауатын ашып, жаттанды білімді тарата бастады. Солай қазақ байының молда ұстап, тұтастай ауыл балаларын оқытып, сауатты болуына өз үлесін қосатынын көреміз. Шығармада қару атауларының ішінде сойыл, қанжар, шоқпар аталып, туындының лингвомәдени бояуын күшейте түскен.

Бақтығұл образы арқылы кедейлік образы бейнеленіп, қазақ кедейінің жағдайы, тұрмысы сомдалады. Байдың озбырлығы мен қатыгездігінен бауырынан айырылған Бақтығұл үшін басқа байдың шаруасына жарау дұрыс шешім ретінде көрінеді. Сәт пен Сәлмен Бақтығұлды тойымсыз, қанағатсыз деп таныса, Бақтығұл үшін Сәт те, Сәлмен де, Жарасбай да қатыгездік нақ бейнесі ретінде көрінеді. Авторлық позиция кейіпкерлердің болмысы мен образы арқылы байлық пен кедейлік бинарлық оппозициясын күшейте түскен. Әлемдегі қарамақайшылықтар бинарлық оппозициясы арқылы анықталады. А.Нұржанова зерттеуінде бинарлық оппозиция ғалам моделі, дүние суретін тілдік және этномәдени тұрғыдан анықтайтынын айтады. Бинарлық оппозицияның кеңістік құрылысына, уақыттың құрылысына, түске

байланысты, табиғат пен мәдениет оппозициясы тұрғысынан, әлеуметтік категорияға байланысты, дүние бейнесінің жалпы модусын айқындауға байланысты ажыратылатынын А.Нұржанова зерттеуінен көреміз. Әлемнің неше түрлі фрагменттері, нысандары мен кейіпкерлері өзара қатынасқа түсіп, дүние моделінде қатарласа, жанаса байланысады. Белгілі бір иерархиялық классификация күрделі семантикалық тұрғыдан біртұтас болып, негізгі объектісі ретінде әлемді, ал субъектісі ретінде адамды сипаттайды. Солай барлық архаикалық мәдениет үшін бинарлық оппозиция қарамақарсылық ұстанымы негізінде бір тобы жағымды, ұнамды, қолайлы болып айқаталады да, келесі бір топ жағымсыз, ұнамсыз, қолайсыз деп сипатталады. Бинарлық оппозициялық жіктеліс адамның позитивті немесе негативті ойлау әрекетінің негізі екенін, адамзаттың діни, әлеуметтік, қоғамдық ұғымы мен түсініктерінің қайшылыққа толы пікірлерінің тоғысында екі жақты сипатталатын күрделі жүйе ретінде дәлелденеді. Осы негізден зерттеуші А.Нұржанова былай дейді: «Тілдік дүние бейнесінің соматикалық фрагментін бинарлық оппозиция тұрғысынан қарастыру тіл және адамның ойлауы, танымдық әрекеті арасындағы тығыз сабақтастықта айрықша рөл атқаратын тілдік үнемдеу заңдылығының өзіндік қырын нақтылауға зор мүмкіндік береді» [10, 31].

Шығармадағы байлық пен кедейлік бинарлық оппозициясы негізінде позитивті және негативті бинарлық жіктелісі былайша көрінеді: байлық концептісінің жағымды жіктелісі дарқандықпен, кеңдікпен, қолдау, мүмкіндіктер арқылы анықталса, негативті жіктеліс зорлық, озбырлық, қатыгездік, жуандық қасиеттерімен ерекшеленеді. Кедейлік концептісінің жағымды жіктелісі батылдық, еркіндік, батырлық деп нақтыланса, негативті жіктеліс жоқшылықпен, азшылықпен байланысты қарастырылады. Осы негізден байлық пен кедейлік концептілері халықтың тұрмысымен, тіршілігімен тікелей байланыста айқындалатынын көреміз. Әлеуметтік тұрғыдан байдың мүмкіндігі, қоғам дамуына қосатын үлесі көп. Осы негізден қазақ қоғамында байға көп артықшылық берілді. Соған қарамастан Жарасбай, Сәт, Сәлмен сынды байлар өзара билік үшін таласып, қоғамдағы бай туралы түсініктің негативті жіктелісін күшейтті.

Туындының лингвомәдени бояуы байлық және кедейлік концептісін терең құрылымда қарауға мүмкіндік береді. Терең құрылымда байлық пен кедейлік концептісі қазақ қоғамының жіктелісін, бай мен кедей арасындағы айырмашылықты, қоғамның дамуын көрсетті. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала» түсінігі бойынша, үлкен қалалар кіші қалаларға қолдау көрсеткені сияқты, байлар да өз кезегінде кедейлерге қолдау көрсетіп, көмектесуі керек. Осы негізден байлар мен кедейлер арасындағы үлкен айырмашылық емес, қайшылықтар да емес рухани түсіністік орнауы қажеттігін көреміз.

Қорытынды

Қорытындылайтын болсақ, М.Әуезов шығармаларындағы лингвомәдени бірліктер «байлық» концептісі мен «кедейлік» концептісін анықтауда, бинарлық оппозицияны талдап қарастырудағы негізгі элемент екенін көреміз. Шығармадағы бай мен кедей қайшылығы әлеуметтік, тарихи, прагматикалық тұрғыдан қарастырылып, қазақ қоғамындағы түсініктер қарастырылды. Патшалық Ресейдің отарлау саясаты негізінде бай туралы түсініктің өзгеріп, билік үшін таласуы қоғамдағы орын алған айтулы өзгерістер екені анықталды. Байлық пен кедейлік концептісінің «Қарашқараш оқиғасы» туындысы арқылы ассоциациялық өрісі құрылып, нарративті талдау жүргізілді. Осы негізден қазақ қоғамындағы бай пен кедей қарымқатынасы талданып, шығармадағы образдардың авторлық позиция негізінде қалыптасқан бай мен кедейдің негативті жіктелісі екенін қарастырамыз. Осылайша, қазақ әдебиетіндегі М.Әуезов шығармаларындағы лингвомәдени бірліктердің қазақ қоғамындағы мәселелерді жеткізудегі басты құралы екеніне анықтаймыз.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Манкеева, Ж. А.** Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері [Текст]. – Алматы : Жібек жолы, 2008. – 353 б.

2 **Әуезов, М.** Шығармаларының елу томдық жинағы. 5том: Повестер [Текст]. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. – 376 б.

3 **Молдабеков, Ж.** Қазақтану және жаңару философиясы : Оқу құралы [Текст]. – Алматы : Қазақ университеті, 2009. – 282 б.

4 **Қошанова, Ж.** Қазақ тіліндегі «Байлық – кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты [Текст] – Алматы, 2009. – Б. 28–29

5 **Оспанова, Б.** Лингвомәдениеттану: оқу құралы [Текст]. – Астана : Фолиант, 2018. – 152 б.

6 **Әмірбекова, А.** Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар [Текст]. – Алматы: Елтаным, 2011. – 204 б.

7 **Маслова, В.** Лингвокультурология [Текст]. 2-издание. – М. : Издательство Юрайт, 2019. – 208 с.

8 **Абайбекова, К., Абишева, К.** Когнитивноконтрастивный анализ концепта запрет [Текст] // Вопросы когнитивной лингвистики. – № 2 – 2015. – С. 3439.

9 **Elubaeva, K.** Existentialist motif in the story of the mourning beauty by M.Auezov [Text] // Norwegian journal of development of the international science. – № 83 – 2022. – P. 5254

10 **Нұржанова, А.** Дүниенің тілдік бейнесінің соматикалық фрагментін бинарлық оппозициялық жұптар негізінде зерттеу [Текст] // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – №1. – 2014. – Б. 2732

References

1 **Mankeeva, Zh. A.** Kazak tilindegi etnomadeni ataulardyn tanymdyk negizderi [Cognitive foundations of ethno-cultural names in Kazakh language] [Text]. – Almaty : Zhibek zholy, 2008. – 353 b.

2 **Әуезов, М.** Shygarmalarynyn elu tomдық zhinagy. 5 tom : Povester [A fifty-volume collection of works. Volume 5: stories] [Text]. – Almaty: «Daur», «Zhibek zholy», 2014. – 376 b.

3 **Moldabekov, Zh.** Kazaktanу zhane zhanaru filosofiyasy: Oku kuraly [Kazakh studies and philosophy of renewal: a textbook] [Text]. – Almaty : Kazak universiteti, 2009. – 282 b.

4 **Koshanova, Zh.** Kazak tilindegi «Bailyk - kedeilik» konceptisi: tanymdyk sipaty men kyzmeti : filologiya gylymdarynyn kandidaty gylymi darezhesin alu ushin daiyndalghan dissertassiyanyн avtoreferaty [The concept of «Wealth - poverty» in Kazakh language: cognitive character and function: abstract of the dissertation prepared for the degree of candidate of philological Sciences] [Text] – Almaty, 2009. – B. 28–29

5 **Ospanova, B.** Lingvomadeniettanu: oku kuraly [Linguoculturology: textbook] [Text]. – Astana : Foliant, 2018. – 152 bet

6 **Әмірбекова, А.** Kazirgi kazak til bilimindegi zhana bagyttar [New directions in modern Kazakh linguistics] [Text]. – Almaty: Eltanym, 2011. – 204 b.

7 **Maslova, V.** Lingvokulturologiya [Linguoculturology] [Text]. 2-izdanie. – Moskva: Izdatelstvo Yurait, 2019. – 208 p.

8 **Abaibekova, K., Abisheva, K.** Kognitivno kontrastivnyi analiz koncepta zapret [Cognitive contrastive analysis of the prohibition concept] [Text] // Voprosy kognitivnoy lingvistiki. – №2 – 2015. – P. 34 39.

9 **Elubaeva, K.** Existentialist motif in the story of the mourning beauty by M. Auezov [Text] // Norwegian journal of development of the international science. – № 83 – 2022. – P. 52–54

10 **Nurzhanova, A.** Dunienin tildik beinesinin somatikalyk fragmentin binarlyk oppozitsiyalyk zhuhtar negizinde zertteu [The study of the somatic fragment of the linguistic picture of the world on the basis of binary opposition pairs] [Text] // KazYU xabarshysy. Filologiya seriyasy. – №1. – 2014. – P. 27 32

19.08.23 ж. баспаға түсті.

17.12.23 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Н. Куцанова¹, А. С. Кушкимбаева²

^{1,2}Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Республика Казахстан, г. Ақтобе.
Поступило в редакцию 19.08.23.
Поступило с исправлениями 17.12.23.
Принято в печать 25.11.24.

ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЙ АНАЛИЗ ПОВЕСТИ М. АУЭЗОВА «ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ»

Висследователъской статьѣ произведен лингвокультурологический анализ рассказа М. Ауэзова «Қараиш-қараиш оқиғасы». В статьѣ рассматриваются языковые единицы, являющиеся основным объектом исследования лингвокультурологии, и определяется их основная функция в работе. Рассмотрено значение языковых и культурных единиц в создании языковых понятий. Понятие богатства и бедности определялось на основе языковых и культурных единиц, представляющих собой культурный код нации антропологического направления в языкознании. На основе работы создано ассоциативное поле концепта богатства и бедности, а также цепочка лингвокультурных единиц в исследовании концепта богатства и бедности. Произведение анализировалось на основе нарративного метода, опираясь на мнения И. Айбарии, Б. Оспановой, В. Масловой о лингвокультурологии. Историческое значение понятия «богатство» в казахском обществе выделено в рамках исследований Ж. Молдабекова и Ж. Кошановой. В исследовании концепт «богатство» и концепт «бедность» были рассмотрены на основе бинарной оппозиции, а также рассмотрена классификация положительного и отрицательного. Проанализированы социальные, исторические и прагматические представления о богатстве и бедности в казахстанском обществе. На основе авторской позиции уточнена основная функция противоречий в системе признаков в определении понятий богатства и бедности. Используя исследования К. Елубаевой, К. Адайбековой, К. Абишевой, в исследовательской статьѣ определяется употребление и значение концепта в творчестве М. Ауэзова, а также определяется основной объем лингвокультурных единиц.

Ключевые слова: лингвокультурные единицы, концепт богатства, концепт бедности, бинарная оппозиция, концепт, авторская позиция.

*A. N. Kuchshanova¹, A. S. Kushkimbayeva²

^{1,2}K. Zhubanov Aktobe regional university,

The Republic of Kazakhstan, Aktobe.

Received 19*.08.23.

Received in revised form 17.12.23.

Accepted for publication 25.11.24.

LINGUOCULTURAL ANALYSIS OF M. AUEZOV'S STORY «KARASH-KARASH OKIGASY»

In the research article, a linguistic and cultural analysis of M. Aueзов's story «Karash-Karash okigasy» was made. Linguistic units, which are the main research object of linguistic and cultural studies, are considered in the article, and their main function in the work is determined. The importance of linguistic and cultural units in the creation of language concepts was considered and determined. The concept of wealth and poverty was determined on the basis of the linguistic and cultural units that represent the cultural code of the nation of the anthropological trend in linguistics. Based on the work, the association field of the concept of wealth and poverty was created, and a chain of linguistic and cultural units was created in defining the concept of wealth and poverty. The work was analyzed on the basis of the narrative method, based on the opinions of I. Aibarsha, B. Ospanova, V. Maslova on linguistic and cultural studies. The historical meaning of the concept of «wealth» in Kazakh society was determined within the framework of the research of Zh. Moldabekov and Zh. Koshanova. In the study, the concept of «wealth» and the concept of «poverty» were considered on the basis of binary opposition, and the classification of positive and negative was considered. Social, historical and pragmatic understandings of wealth and poverty in Kazakh society were analyzed. Based on the author's position, the main function of contradictions in the system of characters in defining the concepts of wealth and poverty was determined. Using the research of K. Elubaeva, K. Adaybekova, K. Abisheva, the use and importance of the concept in the work of M. Aueзов is determined in the research article, and the main scope of linguistic and cultural units is determined.

Keywords: linguistic and cultural units, concept of wealth, concept of poverty, binary opposition, concept, author's position.

Теруге 25.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 25.12.2024 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,57 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4311

Сдано в набор 25.11.2024 г. Подписано в печать 25.12.2024 г.
Электронное издание
4,57 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4311

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz